

Қазақстан халқы
Ассамблеясы Кеңесінің
2021 жылғы 22 қарашадағы
№ шешімімен
БЕКІТІЛГЕН

**Қазақстан халқы Ассамблеясының этномәдени бірлестіктерін
қоғамдық аккредиттеу қағидалары**

1. Жалпы ережелер

1. Қазақстан халқы Ассамблеясының этномәдени бірлестіктерін қоғамдық аккредиттеудің осы қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) «Қазақстан халқы Ассамблеясы туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленді және этномәдени бірлестіктерді – олардың құрылымдық бөлімшелерін (филиалдар мен өкілдіктерді), сондай-ақ құрылтайшылары не мүшелері этномәдени бірлестіктер (бұдан әрі – этномәдени бірлестіктер) болып табылатын коммерциялық емес ұйымдарды қоғамдық аккредиттеу тәртібін айқындайды.

2. Этномәдени бірлестіктер қызметі «Қазақстан халқы Ассамблеясы туралы» Қазақстан Республикасы Заңының өлшемшарттары мен талаптарына сәйкес деп тану қоғамдық аккредиттеу деп түсініледі.

Құрылымдық бөлімшелер деп этномәдени бірлестіктердің филиалдары мен өкілдіктері, сондай-ақ этномәдени бірлестіктердің қауымдастығы (одағы) мен қоғамдық қор құрамындағы этномәдени бірлестіктер түсініледі.

Этномәдени бірлестіктерді Қазақстан халқы Ассамблеясының этномәдени бірлестіктерінің тізіліміне (бұдан әрі – Тізілім) енгізу/тізілімінен шығару қоғамдық аккредиттеудің нәтижесі болып табылады.

3. Тізілім Қазақстан халқы Ассамблеясының (бұдан әрі – ҚХА) порталында орналастырылады және ашық қолжетімді болады.

Тізілімді жүргізуді Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің «Қоғамдық келісім» республикалық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – «Қоғамдық келісім» РММ) қамтамасыз етеді.

4. Қоғамдық аккредиттеудің қолданылу мерзімі – этномәдени бірлестіктің Тізілімге енгізілген күнінен бастап 3 жыл.

5. Қоғамдық аккредиттеуге республикалық, өңірлік, жергілікті этномәдени бірлестіктер жатады.

6. Қағидаларды «Қоғамдық келісім» РММ-ның ұсынуы бойынша ҚХА Кеңесі бекітеді.

2. Қоғамдық аккредиттеу жүргізу тәртібі

7. Аккредиттеу жүргізу мақсатында комиссия құрылады, оның құрамы ҚХА мүшелерінің қатарынан жасақталады және оны ҚХА Кеңесі бекітеді (Қағидаларға 3-қосымша).

Комиссияның құрамына мемлекеттік органдардың, қоғамдық келісім мен жалпыұлттық бірлікті нығайтуға қатысатын азаматтық қоғам мекемелері мен институттарының өкілдері енгізілуі мүмкін, бұл ретте олардың саны комиссия құрамының 1/3-інен аспайды.

8. Осы Қағидаларға сәйкес:

республикалық этномәдени бірлестіктер, сондай-ақ құрылтайшылары не мүшелері этномәдени бірлестіктер болып табылатын коммерциялық емес емес ұйымдар (заңды тұлғалардың бірлестіктері, қор) үшін қоғамдық аккредиттеуді – аккредиттеу жөніндегі республикалық комиссия (бұдан әрі – республикалық комиссия);

өңірлік, жергілікті этномәдени бірлестіктер, олардың құрылымдық бөлімшелері (филиалдар мен өкілдіктер), сондай-ақ республикалық және өңірлік этномәдени бірлестіктердің құрылымдық бөлімшелері (филиалдар мен өкілдіктер) үшін қоғамдық аккредиттеуді Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларының және облыстардың ҚХА жанындағы аккредиттеу жөніндегі өңірлік комиссия (бұдан әрі – өңірлік комиссия) жүзеге асырады.

9. Комиссияны төраға басқарады, ол оның қызметіне басшылық етіп, комиссияның отырыстарына төрағалық етеді, оның жұмысын жоспарлайды, комиссия шешімдерінің іске асырылуын жалпы бақылауды жүзеге асырады.

10. Мыналарды:

- республикалық комиссияның жұмысын ұйымдастырушылық-техникалық қамтамасыз етуді Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің «Қоғамдық келісім» РММ (бұдан әрі – республикалық комиссияның жұмыс органы) жүзеге асырады;

- өңірлік комиссияның жұмысын ұйымдастырушылық-техникалық қамтамасыз етуді тиісті өңірдің Ішкі саясат/Қоғамдық даму басқармаларының «Қоғамдық келісім» КММ (бұдан әрі – өңірлік комиссияның жұмыс органы) жүзеге асырады.

11. Комиссияның хатшысын тиісті жұмыс органы жауапты құрылымдық бөлімше қызметкерлерінің ішінен тағайындайды және ол комиссияның мүшесі болып табылмайды.

Хатшы комиссияның жұмысын ұйымдастыруды, отырыстардың өткізілуін дайындауды және өз құзыреті шегінде өзге де функцияларды жүзеге асырады.

12. Комиссиялардың жұмыс отырыстарының материалдары отырысқа дейін кемінде үш жұмыс күні бұрын комиссияның әрбір мүшесіне жеткізіледі.

13. Комиссиялардың отырыстары қажеттілігіне қарай өткізіледі және оған комиссия мүшелері жалпы санының кемінде жартысы қатысса (қарауға қатысса), құқықтық күші бар болып табылады.

14. Комиссия мүшесінің отырысқа қатысуы мүмкін болмаған кезде ол отырысқа дейін кемінде бір күн бұрын келмей қалу себептерін көрсете отырып, бұл туралы жұмыс органына хабарлайды.

15. Комиссияның шұғыл мәселелерді қарауы қажет болған жағдайда, комиссия төрағасының шешімімен олар бойынша сырттай дауыс беру өткізілуі мүмкін.

Комиссия мүшелерінің сырттай дауыс беру мерзімі мәселе бойынша материалдар дауыс беру үшін жіберілген күннен бастап 3 жұмыс күнінен аспауға тиіс.

Сырттай дауыс беру мерзімі аяқталғанға дейін комиссия мүшелері жұмыс органына жазбаша жауаптар жібереді, онда өз пікірін білдіреді. Көрсетілген мерзімде жазбаша жауап ұсынылмаған жағдайда, комиссия мүшесі жақтап дауыс берді деп есептеледі. Комиссия мүшелері дауыс беруді ауыстыру құқығынсыз жүзеге асырады.

3. Комиссияның материалдарды қарауы

16. Қоғамдық аккредиттеуге қатысу және Тізілімге енгізу үшін этномәдени бірлестік тиісті комиссияға мынадай құжаттарды ұсынады:

- 1) осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш;
- 2) осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес этномәдени бірлестіктің, филиалдың паспорты;
- 3) этномәдени бірлестіктің мөрімен расталған Жарғының көшірмесі.

17. Құжаттарды қараудың және комиссиялардың қоғамдық аккредиттеу туралы шешім қабылдауының жалпы мерзімі жұмыс органы құжаттар топтамасын қабылдаған күннен бастап отыз жұмыс күнінен аспауға тиіс.

18. Құжаттардың толық еместігі немесе Қағидалардың талаптарына сәйкес келмейтіні анықталған жағдайда, жұмыс органы анықталған кемшіліктер жойылғанға дейін өтінішті қарауды тоқтата тұрады және бұл туралы этномәдени бірлестікті хабардар етеді. Бұл ретте осы Қағидалардың 17-тармағында белгіленген құжаттарды қарау мерзімі үзіледі.

Этномәдени бірлестіктің талап етілетін құжаттары жұмыс органына келіп түскен күннен бастап қарау мерзімі қайта жалғастырылады.

19. Құжаттардың толық еместігін немесе Қағидалардың талаптарына сәйкес келмейтінін комиссияның тікелей өзі анықтаған жағдайда, құжаттар этномәдени бірлестікке қайтарылуға жатады.

Анықталған бұзушылықтар жойылғаннан кейін этномәдени бірлестік жалпы негіздерде қоғамдық аккредиттеу жүргізу жөніндегі өтінішпен тиісті комиссияға қайтадан жүгінуге құқылы.

Қажет болған жағдайда, жұмыс органы не комиссия өтініш берушіден не уәкілетті органдардан өзге де құжаттарды қосымша сұратуы мүмкін.

20. Қарау нәтижелері бойынша комиссия:

- 1) этномәдени бірлестікті аккредиттеу туралы;
- 2) этномәдени бірлестікті аккредиттеуден бас тарту туралы;
- 3) этномәдени бірлестікті аккредиттеу туралы шешімнің күшін жою туралы;
- 4) аккредиттеу мерзімін ұзарту немесе ұзартудан бас тарту туралы шешімді;
- 5) қоғамдық аккредиттеу рәсіміне байланысты өзге де шешімдерді қабылдайды.

21. Комиссияның шешімі отырысқа қатысып отырған комиссия мүшелері санының қарапайым көпшілік дауысымен қабылданады.

Дауыстар тең болған жағдайда, төрағаның дауысы шешуші болып табылады.

22. Қабылданатын шешімдер хаттамамен ресімделеді, оған төрағалық етуші қол қояды.

Комиссия отырысында құжаттарды қарау және хаттамаға қол қою екі жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.

23. Комиссияның шешімдері қабылданған кезінен бастап екі жұмыс күні ішінде жұмыс органына жіберіледі және Тізілімге өзгерістер енгізу (этномәдени бірлестікті енгізу/шығару) үшін негіз болып табылады.

Жұмыс органы шешім алынған кезден бастап екі жұмыс күні ішінде этномәдени бірлестікке комиссияның қабылдаған шешімі туралы хабарлайды.

Жұмыс органы өтініш алынған кезден бастап бес жұмыс күні ішінде этномәдени бірлестіктің өтініші бойынша аккредиттеуден жазбаша уәжді бас тартуды жібереді.

24. Комиссия мүшелерінің ерекше пікірлері, олар білдірілген жағдайда, жазбаша түрде баяндалады және комиссияның хаттамасына қоса тіркеледі.

25. Аккредиттеуден бас тарту және (немесе) аккредиттеу туралы шешімнің күшін жою үшін:

- 1) этномәдени бірлестік мақсаттарының, міндеттерінің және (немесе) оның негізгі қызмет бағыттарының «Қазақстан халқы Ассамблеясы туралы» Қазақстан Республикасы Заңының ережелеріне сәйкес келмеуі;
- 2) ұсынылған құжаттардың Қағидалар талаптарына сәйкес келмеуі;
- 3) этномәдени бірлестік жұмысының ұзақтығы мемлекеттік тіркелген күннен бастап 1 жылдан аз болуы;
- 4) этномәдени бірлестіктің құжаттарында анық емес және (немесе) бұрмаланған ақпараттың болуы негіз болып табылады.

26. Осы Қағидалардың 25-тармағында көзделген негіздер анықталған кезде ҚХА (облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың

ҚХА) хатшылығы Тізілімге тиісті белгі енгізу арқылы этномәдени бірлестікті қоғамдық аккредиттеу туралы шешімнің күшін жою мәселесін қарауды ұсына отырып, комиссияға ұсыну жібереді.

4. Этномәдени бірлестікті Тізілімнен шығару негіздері мен тәртібі

27. Комиссияның қоғамдық аккредиттеу және (немесе) аккредиттеу туралы шешімнің күшін жою туралы шешімі қабылданған күнінен бастап 2 жұмыс күнінен кешіктірмей, этномәдени бірлестікті Тізілімге енгізу/Тізілімнен шығару үшін жұмыс органына беріледі.

28. Мынадай:

1) этномәдени бірлестік қайта ұйымдастырылған немесе таратылған;
2) ҚХА (облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың ҚХА) хатшылығының этномәдени бірлестіктің қызметі «Қазақстан халқы Ассамблеясы туралы» Қазақстан Республикасы Заңының ережелеріне және осы Қағидалардың талаптарына сәйкес келмейтіні туралы ұсынуы негізінде комиссияның шешімі;

3) ҚХА Кеңесінің (облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың ҚХА кеңестерінің) этномәдени бірлестікті аккредиттеу туралы шешімнің күшін жою туралы шешімі болған жағдайда этномәдени бірлестікті қоғамдық аккредиттеу тоқтатылады.

29. Этномәдени бірлестік қайта ұйымдастырылған жағдайда, ол бір ай мерзімде осы Қағидаларға 1 және 2-қосымшаларға сәйкес нысан бойынша өтініш пен құжаттарды тиісті комиссияға ұсынады.

30. Этномәдени бірлестіктің атауы немесе заңды мекенжайы өзгерген жағдайда, ол он бес жұмыс күні ішінде бұл туралы жұмыс органын хабардар етеді.

Жұмыс органы 3 жұмыс күні ішінде бұл туралы ҚХА (облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың ҚХА) хатшылығын хабардар етеді.

ҚХА-ның өңірлік хатшылықтары одан әрі Тізілімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу үшін 5 жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің «Қоғамдық келісім» РММ-ны хабардар етеді.

5. Этномәдени бірлестікті қоғамдық аккредиттеу туралы шешімнің мерзімін ұзарту негіздері мен тәртібі

31. Этномәдени бірлестік қоғамдық аккредиттеу мерзімі аяқталғанға дейін бір айдан кешіктірмей, жұмыс органына аккредиттеу мерзімін ұзарту туралы өтініш береді.

Өтінішке этномәдени бірлестіктің ҚХА-ның мақсаттары мен міндеттерін іске асыру бойынша оның қызметіне қатысуы туралы ақпарат қоса беріледі.

Мерзімді ұзарту мәселесі бойынша шешім қабылданғанға дейін этномәдени бірлестік Тізілімде өз мәртебесін сақтайды.

32. Аккредиттеу мерзімін ұзарту туралы өтініш комиссияның таяудағы отырысында қаралады.

Комиссияның шешімі үш жұмыс күні ішінде жұмыс органына беріледі.

Комиссияның оң шешімі болған жағдайда, аккредиттеу мерзімі келесі үш жылға ұзартылады.

6. Қорытынды ережелер

33. Комиссияның шешіміне этномәдени бірлестік ҚХА кеңесіне / ҚХА өңірлік кеңесіне шағым жасай алады.

** «облыстар, республикалық маңызы бар қалалар, Астана ҚХА Хатшылығы» ұғымы деп - ішкі саясат/өңірлерді қоғамдық дамыту басқармасының этносаралық қызмет саласындағы құрылымдық бөлімшелері түсініледі*

2021 жылғы 22 қарашадағы
Қазақстан халқы Ассамблеясының
этномәдени бірлестіктерін қоғамдық
аккредиттеу қағидаларына
1-ҚОСЫМША

Қазақстан халқы Ассамблеясының
этномәдени бірлестіктерін қоғамдық
аккредиттеу жөніндегі комиссияға

(этномәдени бірлестіктің басшысы
(тегі, аты, әкесінің аты)

(мекенжайы, телефоны, электрондық поштасы)

Өтініш

Сізден

(этномәдени бірлестіктің, құрылымдық бөлімшенің атауы)

қоғамдық аккредиттеуден өткізуді және Қазақстан халқы Ассамблеясы
этномәдени бірлестіктерінің тізіліміне енгізуді сұраймын.

Өтінішке мынадай құжаттар қоса беріледі:

- 1) _____
- 2) _____
- 3) _____
- 4) _____
- 5) _____

МО

20 __ ж. «__» _____

(басшыны қолы, тегі, аты, әкесінің аты)

Өтініш түскен күн 20 __ ж. «__» _____

Тіркеу нөмірі _____

(жауапты адамның) қолы, тегі, аты, әкесінің аты)

2021 жылғы 22 қарашадағы
Қазақстан халқы Ассамблеясының
этномәдени бірлестіктерін қоғамдық
аккредиттеу қағидаларына
2-ҚОСЫМША

ЭТНОМӘДЕНИ БІРЛЕСТІКТІҢ ПАСПОРТЫ

(этномәдени бірлестік басшысының өзі толтырады)

1. Тіркелуі және орналасқан жері туралы мәліметтер:
ұйымдық-құқықтық нысаны және толық атауы;
заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу, заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу күні мен нөмірі (мемлекеттік қайта тіркеу болған жағдайда көрсету);
тұрған жері, орналасқан жерінің заңды және нақты мекен-жайы;
бірлестіктің мәртебесі (республикалық, өңірлік, облыстық, қалалық, аудандық).
2. Басшылық туралы мәліметтер:
бірінші басшының Т.А.Ә., қысқаша өмірбаяны, жұмыс тәжірибесі, байланыс деректері;
бірінші басшының орынбасарының (орынбасарларының) Т.А.Ә., байланыс деректерімен қоса;
оларды сайлау немесе тағайындау үшін негіз (жалпы жиналыс немесе басқа уәкілетті орган хаттамасының күні мен нөмірі).
3. Құрылтайшылар туралы мәліметтер:
құрылтайшылардың Т.А.Ә., байланыс деректері көрсетілген тізімі (егер құрылтайшы заңды тұлға болса, атауын, БСН, тіркеу нөмірінің аналогын көрсету).
4. Этномәдени бірлестік туралы мәліметтер: *
тіркелген мүшелер мен активтің саны;
штаттағы қызметкерлер саны;
меншігіндегі және жалға алынған үй-жайлардың болуы (алаңы (м²), олардың нысаналы мақсаты (музейлер, көрме залдары, сыныптары және т.б.);
қаржыландыру: көздері, көлемі, баламалы көздердің болуы (коммерциялық қызмет, демеушілік көмек және т.б.);
БАҚ-тың (интернет-сайттың) болуы;
5. Филиалдар мен өкілдіктер: **
құрылымдық бөлімшенің (филиалдың/өкілдіктің) толық атауы;
есептік тіркелген, қайта тіркелген күні мен нөмірі (есептік қайта тіркеу болған жағдайда көрсету);
орналасқан жері (мекенжайы, байланыс деректері);
филиал (өкілдік) басшысының Т.А.Ә.;

құрылымдық бөлімшені (филиалды/өкілдікті) қоғамдық аккредиттеу туралы мәліметтер – шешімнің күні мен нөмірі.

6. Этномәдени бірлестік қызметінің мазмұны:

жарғыға (ережеге) сәйкес бірлестіктің нысанасы, мақсаты мен міндеттері;

жарғыға (ережеге) сәйкес негізгі қызмет бағыттары;

іске асырылған және іске асырылатын дербес жобалар (іс-шаралардың мақсаты, қысқаша мазмұны, нәтижелері);

мемлекеттік органдармен және ұйымдармен ынтымақтастық (іс-шаралардың бағыты, форматы, қысқаша мазмұны, нәтижелері);

ҚХА-мен және ҚХА-ның құрылымдарымен өзара іс-қимыл (іс-шаралардың бағыты, форматы, қысқаша мазмұны, нәтижелері);

азаматтық қоғамның басқа институттарымен ынтымақтастық (іс-шаралардың бағыты, форматы, қысқаша мазмұны, нәтижелері);

этностың тарихи шығу елінің ұйымдарымен ынтымақтастық (іс-шаралардың бағыты, форматы, қысқаша мазмұны, нәтижелері).

* сұратылған ақпарат бойынша мәліметтер болмаған жағдайда сызықша қойылады

** қауымдастық нысанындағы құрылымдық бөлімшенің паспортын толтыру кезінде қауымдастық мүшелері – этномәдени бірлестіктер туралы деректер келтіріледі

2021 жылғы 22 қарашадағы
Қазақстан халқы Ассамблеясының
этномәдени бірлестіктерін қоғамдық
аккредиттеу қағидаларына
3-ҚОСЫМША

**Қазақстан халқы Ассамблеясының этномәдени бірлестіктерін
қоғамдық аккредиттеу жөніндегі комиссияның
ҚҰРАМЫ**

Қазақстан Республикасы Президент Әкімшілігі

Қазақстан халқы Ассамблеясы

Хатшылық меңгерушісінің орынбасары/

Этносаралық қызмет саласындағы

ішкі саясат басқармасының/

өңірлерді қоғамдық дамыту

құрылымдық бөлімшесінің басшысы

Комиссия төрағасы

Қазақстан халқы Ассамблеясы/

өңірлік Ассамблея

Кеңесінің мүшесі

Комиссия төрағасының

орынбасары

комиссия мүшелері:

Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты/өңір мәслихатының
депутаты *(келісім бойынша)*

Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі «Қоғамдық
келісім» РММ-ның директоры/өңірдің «Қоғамдық келісім» КММ-ның басшысы

Қазақстан халқы Ассамблеясы ғылыми-сараптамалық кеңесінің мүшесі

коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларды мемлекеттік
тіркеу, олардың филиалдары мен өкілдіктерін есептік тіркеу мәселелерін қарайтын
Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі құрылымдық бөлімшесінің және
аумақтық органдарының өкілі *(келісім бойынша)*

Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Этносаралық
қатынастарды дамыту комитетінің өкілі/өңірдің этносаралық қатынастар
мәселелері бөлімінің басшысы

коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға салық салу
мәселелерін қарайтын Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік
кірістер комитеті құрылымдық бөлімшесінің және аумақтық органдарының өкілі
(келісім бойынша)

қоғамдық келісім мен жалпыұлттық бірлікті нығайту жөніндегі азаматтық қоғам
институтының өкілі

Қазақстан халқы Ассамблеясының мүшесі